



Күйші
Тұрысбеу
Түсіпбековке

Айлық жерден еткендей атың ғашық.
Хат хабармен жүруші ек ақылдасып.
Тәттімбеттің, қыр-сырын жырға орасам,
Көрмей жүріп кетіппін жақындасып.

Міне, бүгін құлшынтсам үмітті өрге,
Тұрмын бірге қасиетті кіріп төрге.
Ән мен күйдің жайнатқан жәрменкесін,
Риза болдым ақ тұйғыи жігіттерге.

Біреу көрсе сағынған ағасындай,
Біреу анық көз салды дара шындай.
Өзім тұрдым Тәттімбет ауылында.
Алыс жолдан оралған баласындай.

Жан шырағым жаққандай жолым ұзақ,
Күн сазына канықтым толығырақ!
Әр жанардан нәр алдым Тәтті бабам,
Ұқтым сонда бейнесін анығырақ.

Тына қалса көпшілік кешкі желдей,
Күй толқыны тепсініп көшті селдей.
"Сарыжайлауды" Тұрысбек сен тартқанда,
Салтанатты көрінді көш түгелдей...

Тендігі үшін, қазақтың елдігі үшін,
Аруақ жебеп артқыға берді күшін.
Тәтті бабам толқытқан күй теңізін,
Шық тамшының сен де бір мөлдірісін.

Ілтипатын, ізетін таттың көптің.
Бір ғажап кеш, шіркін-ай, өттің-кеттің.
Шын қуандым Тұрысбек сені көріп,
Дәл түскендей ізіне Тәттімбеттің.

Тұрысбек сыңар шекпен сұңқылдатты,
Домбыра әсем күмбір күй тыңдатты.
Көргендей Тәттімбетті тебірендім,
Тартқанда ұрпағы оның "Сылқылдақты".

Қазақтың белгілі ақыны,
қоғам қайраткері
Кәкімбек САЛЫҚОВ
«Тәттімбет» кітабынан.
Алматы, 1998 ж.

